

Павлодар облыстық мәслихатының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 418/35 "
Павлодар облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды
алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу
туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 147/12 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 сәуірде № 27645 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 241/27) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 26.12.2025 № 241/27 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Павлодар облыстық мәслихатының "Павлодар облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" 2019 жылғы 8 қарашадағы № 418/35 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6604 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында 2-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі:

1) мүгедек балалары бар немесе тәрбиелеп отырған отбасылар;
2) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын " Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көп балалы аналар, көп балалы отбасылар;

3) толық емес отбасылар;

4) Ипотекалық бағдарламасының және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік тұрғын үй құрылысының бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 154 бекітілген бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18445 болып тіркелген) Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына сәйкес қалыптастырылатын еңбек ресурстарының болжамын ескере отырып, денсаулық

сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы қажетті мамандар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер;

5) 1 және 2 топтағы мүгедектер;

6) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады;

7) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері.".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облыстық мәслихатының хатшысы

Е. Айткенов